



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2022 жылғы 4-11 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталарына шолу


2022 жыл, 14 ақпан

Сауда-саттық қорытындысы бойынша, 11 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы бір апта ішінде 0,9%-ға (432,93 теңгеден) нығайып, 1 АҚШ доллары үшін 429,1 теңге деңгейінде қалыптасты. Дамушы нарықтардағы валюталардың серпіні көбінесе тәуекел-сентиментінің жақсаруынан және Украина айналасындағы шиеленістің жеңілдеуінен оң болды. Бірақ аптаның соңына қарай АҚШ Еңбек статистикасы федералды бюросы деректерінің шығуы (қаңтарда АҚШ-тағы инфляция 7,5%-ға дейін жеделдеп, 40 жылғы ең жоғары көрсеткішті жаңартты) мен жұма күні Украина төңірегіндегі геосаяси жағдайдың ұшығуы аясында жағдай өзгерді. Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының¹ серпіні төмендегідей қалыптасты:


- **Оңтүстік Африка ранды** мұнай бағасының жоғары болуы және шетелдік капиталдың әкелінуі аясында 1,6%-ға (15,46-ден 15,21-ге дейін) нығайды;
- **Бразилия реалы** шетелдік капиталдың әкелінуі аясында 1,5%-ға (5,33-тен 5,25-ке дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** инфляциялық қысым аясында Орталық банктің базалық мөлшерлемені 6%-ға дейін көтеру жөніндегі шешіміне байланысты 0,7%-ға (20,68-ден 20,54-ке дейін) нығайды;
- **түрік лирасы** Қаржы министрінің айырбастау бағамын тұрақтандыру мақсатында банк саласына алтын тартуға бағытталған жаңа шаралар туралы сөйлеген сөзі аясында 0,4%-ға (13,55-тен 13,49-ға дейін) нығайды;
- **Индонезия рупиясы** жаһандық тәуекел-сентименттің қалпына келуі аясында 0,2%-ға (14380-нен 14347-ге дейін) нығайды;
- **үнді рупиясы** АҚШ-та инфляцияның күткеннен де жоғары болуы және мұнайдың белгіленген жоғары бағасы аясында 0,9%-ға (74,7-ден 75,38-ге дейін) әлсіреді;
- **Ресей рублі** Орталық банктің негізгі мөлшерлемені 9,5%-ға дейін арттыруына қарамастан, Украина төңірегіндегі эскалация аясында 1,9%-ға (75,74-тен 77,2-ге дейін) әлсіреді.

¹ АҚШ долларына қатысты көлемі тұрғысынан барынша көп саудаланатын дамушы елдердің валюталары


**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылдың басынан бастап 11 ақпан аралығында)**



**Дамушы елдердегі валюталар бағамының АҚШ долларына қатысты өзгеруі, %
(2022 жылғы 4-11 ақпан аралығында)**



Дамушы елдер валюталарының серпіні
(2022 жылғы 28 қаңтар =100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz